

**Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының қаржы рыногын мемлекеттік реттеудің бірыңғай жүйесін ұйымдастыру мәселелері" туралы Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 3 мамыр N 493

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының қаржы рыногын мемлекеттік реттеудің бірыңғай жүйесін ұйымдастыру мәселелері" туралы Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**Қазақстан Республикасы Президентінің  
Жарлығы Қазақстан Республикасының қаржы рыногын мемлекеттік  
реттеудің бірыңғай жүйесін ұйымдастыру мәселелері**

Қазақстан Республикасының Конституциясы К951000\_ 44-бабының 3) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Конституциялық Z952733\_ заңының 17-1-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" 1995 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық Z952688\_ заңы 22-бабының 2-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының қаржы рыногын мемлекеттік реттеудің бірыңғай жүйесін ұйымдастыру мақсатында, онда қалыптасып отырған қатынастарды қадағалау тиімділігін арттыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметін оңтайландыру үшін қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі функциялары мен өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне беру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетін таратсын және оның мүлкін бір айлық мерзімде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне беруді қамтамасыз етсін;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын шығарылған актілерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін;

3) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп осы Жарлықтан

туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" 1999 жылғы 11 тамыздағы N 188 U990188\_ Жарлығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ережеде:

қазақша мәтіндегі 5-тармақтың үшінші абзацында "480090" деген сандар өзгеріссіз қалдырылсын;

27-тармақтың бірінші абзацы мынадай мазмұндағы 14-1) тармақшамен толықтырылсын:

"14-1) лицензияттың атауы, орналасқан жері өзгерген жағдайларда заңдарға сәйкес Ұлттық Банк берген лицензияларды қайта ресімдеу туралы шешімдер қабылдайды.";

2) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің құрылымында:

"1. Орталық аппарат" деген бөлімде: реттік нөмірі 1-жол мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 1-1-жолмен толықтырылсын:

"1-1. Төлем балансы және валюталық реттеу департаменті"; мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 5-2-жолмен толықтырылсын:

"5-2. Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу департаменті"; реттік нөмірі 12-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Халықаралық қатынастар басқармасы"; мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 12-1-жолмен толықтырылсын:

"12-1. Ұлттық Банк басшылығының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі басқарма"; реттік нөмірі 17-жол алынып тасталсын.

4. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті